

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 қараша N 1270

Сотталғандарды ұстау жағдайларын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мынадай мемлекеттік мекемелер (бұдан әрі - мекемелер) құрылсын:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің ЖД-158/7 түзеу мекемесі;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің ЗК-169/5 түзеу мекемесі.

2. Мекемелерді ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте сотталғандарды ұстауға Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне көзделген қаражат шегінде 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап жүргізіледі деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) мекемелердің жарғыларын бекітсін және олардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

4 . < * >

Ескерту. 1)-тармақша күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2004.03.17. N 330 қаулысымен.

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1120 қаулысымен.

5. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі